

Радиоактивті сәулелену көздерін әкелу және әкету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 маусым N 758

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасындағы "Рейнхольд мала" құрылыс-оқшаулау жұмыстары жөніндегі жауапкершілігі шектеулі қоғамының Теңіз филиалына Венгер Республикасынан Қазақстан Республикасына "Тенгизтехносервис" фирмасымен 1998 жылғы 1 маусымдағы шартқа сәйкес Теңіз мұнай-газ кешенінде дәнекерлеу жіктерінің сапасына бақылау жасау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін белсенділігі 2,96 ТБк Іг-192 (СЭҚ ТН коды-2844) төрт радиоактивті сәулелену көзін әкелуге (кейіннен әкетуге) р ұ қ с а т е т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда

министрлігі белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Атом энергиясы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Омарбекова А.

Нарбаев Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК